

№ 7 дәріс

Ауытқымалы (девиантты)
мінез-құлық және әлеуметтік
бақылау

Дәрістің жоспары

1. Девиантты мінез-құлық ұғымы.
Оның негізгі белгілері.
2. Ауытқымалы мінез-құлықтың
табиғаты мен типтері,
формалары.
3. Әлеуметтік бақылау.

Девиантты (ауытқымалы) мінез-құлық деп біз ресми қабылданған немесе белгіленген қоғамдық нормаларға сай келмейтін, қоғам тарапынан мақұлданбайтын мінез-құлықты айтамыз.

Ауытқымалы (девиантты) мінез-құлықтың негізгі белгілері:

- 1) Девиантты мінез-құлық пен оны көрсететін тұлға өзге тұлғалар тарапынан айыпталады (әлеуметтік санкциялар).
- 2) Ол тұлғаның өзіне немесе оны қоршаған тұлғаларға нақты залал келтіреді. Осылайша, девиантты мінез-құлық деструктивті әрекет жасайды.
- 3) Оны тұрақты түрде қайталанатын және ұзақ мерзімді мінез-құлық ретінде анықтаймыз.
- 4) Ол айқын даралықты және жас ерекшелікті-жыныстық сипатқа ие болады.
- 5) Ол әлеуметтік дезадаптация құбылыстарымен қатарласа жүреді.

Девиантты мінез-құлық 5 жастан бастап жүруі мүмкін.

Әлеуметтік ауытқудың негізгі түрлері:

1. Мәдени және психикалық ауытқулар. Яғни, әлеуметтік қауымдастықтарға тән мәдени нормаларға сай келмейтін мінез-құлық
2. Жекеленген және топтық ауытқулар.
3. Бастапқы және екінші ауытқулар. Бастапқы ауытқу нормаларды көп бұза бермейді, ол болмашы сипатта болады.
4. Мақұлданатын ауытқулар. Мысалы:
 - Жоғары интеллектуалдылық;
 - Ерекше қабілеттер
 - Ерекше мінез-құлық
5. Айыпталатын ауытқулар:
 - Өзгеше кері мінез-құлық
 - Заң бұзушылық.

Ауытқымалы мінез-құлықтың табиғаты

- **Психологиялық себептер:** «ақыл-естің кем болуы», «дегенеративтілік», «психопатия».
- **Жұқпалылық** қоғамнан зиянды әрекеттерді жұқтырып алу;
- **Өзге топтардың, мекемелердің, БАҚ ықпалы.**
- **Нормаларды түсінбеуі немесе жеткілікті білмеуі.**
- **Әлеуметтік теңсіздік**
- **Түрлі нормалар арасындағы келіспеушілік.**

- **Мемлекеттің таптық сипаты.**
- **Аномия** – қоғам мүшелерінің барлығының нормаларды бұзуы, нормалардың мүлдем болмауы.
- **Әлеуметтік, табиғи апаттар.**
- **Стигматизация** – қоғам тарапынан атау берілу
- **Маргиналдану** – ескі нормаларды ұмытып, жаңа нормаларға бейімделе алмау;
- **Дұрыс әлеуметтенбеу (тәрбиеленбеу)**

Р. Мертон девиацияны мәдени мақсаттар мен оларға жету тәсілдерімен анықтайды:

- **Конформизм** – мақсаттармен де оған жету жолдарымен де келіседі, ештеңе бұзбайды;
- **инновация**, мақсатпен келіседі, алайда оған жету жолдарын мақұлдамайды;
- **ритуализм**, мақсаттармен келіспейді, біларқ жету жолдарын орындайды;
- **ретретизм** мақсаттардан да, оған жету жолдарынан да бас тартады; (маскүнемдер, нашақорлар, қаңғыбастар);
- **бунт**, жаңа мақсаттар мен оларға жету жолдарын қалыптастыру.

Девиацияның формалары:

- Бастапқы девиация – ауытқудың аса қауіпті болмауы, бірінші рет кездесуі;
- Қайталама девиация – қайталанатын, әдейі жасалатын ауытқу;
- Деадаптация – жаңа нормаларға бейімделе алмау;
- Деликвенттілік – заң нормаларын бұзатын девиация;
- Аддикция – бір нәрсеге деген құштарлық, құмарлық (клептомания).
- Криминогендік – заң бұзу нормаға айналатын жағдай.

- Аномия – девиацияның ең жоғарғы формасы. Ол мүлдем нормалардың болмауы, жаппай психоз жағдайында туындайды.
- Аномияның ең жоғарғы формасы – СУИЦИД.
- Э. Дюркгейм суицидтің үш түрін атайды:
 - Пессимистік – тұлға өзін қоғамнан төмен санайды
 - Фаталистік - өзін қоғамнан жоғары санайды;
 - Альтруистік - өзгелер үшін жан қию.

Девияция екі түрлі жағдаймен анықталады:

- Бағалық. Яғни, бір ауытқу тарихи, дәстүрлік жағдайда әр түрлі бағаланады. Мысалы: әмеңгерлік, қыз алып қашу бір қоғамда оң, ал келесі бір қоғамда теріс бағаланады.
- Ситуациялық. Мысалы: кісі өлтіру – бейбіт жағдайда – қылмыс, соғыс жағдайында – ерлік.

Қоғамда бұрын-соңды болмаған ауытқу – феноменалды ауытқу деп аталады.

«Девианттылықтың алдындағы ахуал» – адамды девианттылыққа әкелетін белгілер:

- Аффективті мінез-құлық;
- Отбасылық кикілжіңдер;
- Агрессивті мінез-құлық;
- Төменгі интеллектуалдық деңгей.

4. Әлеуметтік бақылау - бұл

- Әлеуметтік ауытқуларды шектеуге немесе болдырмауға, алдын алуға бағытталған іс-шаралар жүйесі.
- Олар:
 - 1) Жазалау немесе өзге күш қолдану арқылы сырттай жүргізілетін бақылау;
 - 2) Әлеуметтік нормаларды сезіну арқылы жүзеге асатын ішкі бақылау;
 - 3) Тәртіпке бағынатын топтың әсерінен болатын жанама бақылау;
 - 4) Басқа әрекеттер түрінде ықпал ету арқылы жүзеге асатын бақылау.

Бақылау мына жолдармен жүзеге асырылуы мүмкін:

- Әлеуметтік патологияны басқа пайдалы немесе бейтарап формалармен ауыстыру;
- Патологияны басқа бағытқа бұру;
- Заңдастыру;
- Көмектесу;
- Заңды қатайту немесе жұмсарту.

Әлеуметтік бақылау нормалардан және санкциялардан тұрады

- Нормалар – қоғамда қалыптасқан ережелер жүйесі;
- Санкциялар — қоғам тарапынан нақты қолданылатын іс-шаралар жүйесі. Олар:
- Негативті және позитивті;
- Ресми және бейресми болып бөлінеді.

Әлеуметтік бақылаудың түрлері:

- *Оқшаулау (Изоляция). Девиант пен өзге қоғам арасына шектеу қою.*
- *Бөлектеу (Обособление). Девиантты өзге адамдардан бөлектеу, бірақ бұл қоғамнан бөлектеу болып табылмайды, керек кезінде оны қайта оралтуға болады.*
- *Ақтап алу (Реабилитация). Қалыпты жағдайға оралту мен оңалту процесі.*